

АБАЙ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

2023 жыл, 10 тамыз. Алматы. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы және ілімі» атты төртінші халықаралық конференция өтті. Конференцияны әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Басқарма мүшесі-Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры Жәмила Нұрматқызы Айтжанова құттықтау сөз сөйлеп ашты.

Конференцияда филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Ж. Дәдебайұлы, Д. Ысқақұлы, Қ. Әбдезұлы, Р. Сағымбекұлы, Г. Жайлауқызы, А. Салқынбай, сондай-ақ қауымдастырылған профессорлар Т. Тұяқбай, Л. Мұсалы, Р. Әбдіқұлова, доценттер Н. Алдабек, Л. Дәуренбекова, филология ғылымдарының кандидаты, PhD докторы А. Дүйсенбі және басқа зерттеуші ғалымдар Абайдың өмірі мен шығармашылығы, ілімі туралы өзекті ойларын



ортаға салды.

Абай институтының директоры Ж. Дәдебайұлы Абайдың шығармашылығы мен ілімін зерттеудегі Абай институтының 2022-2023 оқу жылында қол жеткен нәтижелері жайында мазмұнды мағлұматтар берді. Абай институтының жетекші ғылыми қызметкерлері, профессорлар Д. Ысқақұлы мен Қ. Әбдезұлы іргелі мәселелер көтеріп, алда істелер зерттеу жұмыстарының бағыттары мен бағдарларына барлау жасады. Баку славян университетінің профессоры, филология ғылымдарының докторы Низами Мамедов ТАГИСОЙ (Әзірбайжан) Мырза Фатали Ахундов пен Абай Құнанбаевтың заманы мен шығармашылығы жайында ой толғап, екі ақынны дүниетанымы, ақындық ойлау ерекшеліктері,

олардың шығармаларындағы ортаө ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтардың мәнін ашып көрсетті.



Әзірбайжан ғалымы түрік халықтары әдебиеті мен мәдениетін зерттеудің өзекті мәселелерін көтерді.

Ғылым докторы, әдебиеттанушы ғалым, Дж. Вашингтон университеті жанындағы Abai Center қазақ мәдениеті орталығының үйлестірушісі Ерлан Сұлтан өз баяндамасында Абай шығармашылығының Вашингтонда, оның айналасында қазақ әдебиеті мен мәдениетінің өрісі, кеңістігі, қазақ



ақынының поэзиялық және прозалық шығармаларының қабылдануы мен бағалануының нәтижелеріне тоқталды.

Физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі М.Е. Әбішев Абай шығармашылығын зерттеудің және




насихаттаудың өзгеше тетіктеріне қатысты бағалы пікірлерін білдірді. Конференцияда Абай ілімінің құрылымдық-концептуалдық моделінің жасалуы Қазақстанда баламасы жоқ ғылыми жетістік ретінде пайымдалды. «Абай ілімі» оқу пәнінің мазмұны, оны білім алушыларға жеткізудің жолдары,



технологиялары ерекше маңызды міндеттер қатарында аталды. «Абайдың кісілік кодексі» университет ғалымдарының, Абай институтының бүкіл ел-жұрт үшін маңызды, мемлекеттік маңызы бар рухани құндылық екеніне арнайы

мән берілді. «Абайдың кісілік кодексіне», оны тұтынушыларға ұсыну мен жеткізудің өзектілігіне зор көңіл бөлінді. «Абайдың кісілік кодексін» билборд форматта жарнамалауға қол жеткізудің маңызы аталып өтті.



Конференцияға қатысушылар Абай институтының ғылыми-зерттеу нәтижелерінің көрмесімен танысты. «Абайтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының 50 томдығы, «Абайтану антологиясы» сериялық басылымының 10 томдығы, «Абай институтының еңбектері» сериялық басылымының 25 томдығы, сондай-ақ «Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер» сериялық басылымының алғашқы 10 томдығы конференция қатысушыларының қызығушылығын туғызды.

Конференцияда Абайдың шығармашылық мұрасы мен ілімін зерттеу мен насихаттауда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің үлкен нәтижелерге қол жеткізгені, ол нәтижелердің ғылыми және практикалық маңызының жоғары екені, оларды іс жүзінде пайдаланудың әлеуметтік маңызының зор екені аталып өтті. Қол жеткен нәтижелер әлеуметтік, қоғамдық ғылымдар саласында өндірілген инновациялық білім ретінде бағаланды.

Конференцияға қатысушалар Абайдың шығармашылығы мен ілімі саласында өндірілген жаңа білімді білім беру, маман даярлау ісінде лайықты пайдаланудың тетіктерін жасау қажет деп пікір түйді.

Алма Кенжеқожаева,
Абай институтының
кіші ғылыми қызметкері

10.08.2023